

№ 1 жалпы ата- аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Тақырыбы:

«Бала – басты байлығымыз, ең асылымыз – оның тәрбиесі»

Күні: қыркүйек

Жиналыстың ашылуы: Сазды сәлем

Күн тәртібінде:

- I. Ата-аналарды бөбекжай өмірімен таныстыру.
- II. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
- III. "Баланың балабақшаға бейімделуі"
- IV. Санитарлық талаптардың сақталуы туралы.

I.Тыңдалды: бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманова сөз алып жиналған ата- аналарды күн тәртібімен, әкімшілік құрамымен және бөбекжайдағы қамтылған педагог кадрлармен таныстырып, бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауға және де үштік одақ ата- ана, бала, бөбекжай бірлесіп, ауызбіршілікте жұмыс жасауға шақырды.

Жарыссөз: Жексенбаева З, бәрі түсінікті айтылды. Алдағы оқу жылына мекеме мен балаларымызға сәттілік тілеймін.

II. Тыңдалды: Бөбекжай әдіскері Г.К.Мухамбеткалиева «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» тақырыбында сөз алды. Баршаңызды бүгінгі ата-аналар жиналысында көргеніме қуаныштымын. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру жұмысы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Бұл жоспардың басты мақсаты – әрбір баланың жас ерекшелігі мен жеке қабілетін ескере отырып, оның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Үлгілік оқу жоспары балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Біздің бөбекжайда ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмыстары ойын арқылы оқыту қағидатына негізделген. Себебі мектепке дейінгі жастағы бала үшін ойын – білім алудың ең тиімді әрі табиғи жолы. Оқу жоспары аясында балалардың тілдік қарым-қатынас дағдылары, математикалық түсініктері, қоршаған орта туралы білімдері, шығармашылық қабілеттері, дене шынықтыру дағдылары және әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттері жүйелі түрде дамытылады. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отансүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекке баулу және табиғатты аялауға үйрету де маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Жарыссөз: Рахметжанова Ж. бүгінгі көтерілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары тақырыбы өте өзекті деп есептеймін. Сондықтан барша ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға, педагогтермен тұрақты байланыста болып, бала тәрбиесінде бірлесе еңбек етуге шақырамын. Ортақ мақсатымыз – білімді, тәрбиелі, дені сау, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің болашағына үлес қоса алатын ұрпақ тәрбиелеу.

III. Тыңдалды: Баланың балабақшаға бейімделуі тақырыбында тәрбиеші Ж.Т.Каресова сөз алды. Баланың балабақшаға алғаш келуі – оның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала жаңа ортаға, жаңа адамдарға, күн тәртібіне және ережелерге бейімделеді. Әр баланың бейімделу мерзімі әртүрлі болады: кейбір балалар бірнеше күнде үйренсе, енді біреулеріне бірнеше апта немесе бір айдан астам уақыт қажет болуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Бейімделу кезеңінде балада мазасыздану, ата-анасын сағыну, тәбеттің төмендеуі немесе көңіл күйінің құбылуы байқалуы мүмкін. Осындай сәттерде ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен қолдауы ерекше маңызды. Баланың балабақшаға тез әрі жеңіл бейімделуі үшін үйде күн тәртібін сақтауға, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға, балабақша туралы жағымды пікір айтуға және баланы қорқытпай, сенімділік ұялатуға кеңес береміз. Таңертең баламен ұзақ қоштасудың қажеті жоқ, оған жылы сөз айтып, тәрбиешіге сеніммен тапсыру жеткілікті деп сөзін қорытындылады.

Жарыссөз: А.Абирова, баламның бөбекжайға бейімделуі жеңіл өтуде. Білімде де ақылды шәкірттеріңіз көп болсын, шығармашылық табыстар тілеймін.

IV.Тыңдалды: Санитарлық талаптардың сақталуы туралы бөбекжай медбикесі сөз алды. Бүгінгі жиналыста балабақшадағы санитарлық талаптардың сақталуы және балалардың денсаулығын қорғау мәселесіне тоқталғым келеді. Балалардың денсаулығы – барлығымыз үшін ең басты құндылық. Сондықтан бөбекжайда санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына ерекше көңіл бөлінеді. Топ бөлмелері күн сайын тазартылып, желдетіледі, ойыншықтар мен жиі қолданылатын заттар санитарлық талаптарға сәйкес өңделеді. Балалардың күн тәртібі дұрыс ұйымдастырылып, тамақтануы мен жеке бас гигиенасы тұрақты бақылауда болады.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Ата-аналар бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерін, күн тәртібін және жұмыс режимін сақтасын.
2. Үлгілік оқу жоспарының талаптарын іске асыруда педагогтермен бірлесіп жұмыс жүргізілсін.
3. Бейімделу кезеңінде туындаған мәселелер бойынша ата-аналар тәрбиешілермен және мамандармен бірлесіп жұмыс жүргізсін.
4. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша балабақша мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жалғастырылсын.

"Ақниет+" жеке бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі: Г.С.Абдрахманова



Хатшы:

К.Н.Имангалиева

№ 2 жалпы ата- аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

Тақырыбы: «Ата-ана қарым- қатынасының бала тәрбиесіне әсері»

Күні: қыркүйек

Жиналыстың ашылуы: Сазды сәлем

Күн тәртібінде:

- I. Баяндама:Баланың дамуындағы ата- аналардың рөлі.
- II. Өз балаңызды білесізбе? (ауызша сұхбат)
- III. «Біздің жанұядағы ойын» (ойын)
- IV.Педагогикалық практикум
- V.«Қандай жағдайда баланы жазалауға болмайды, қашан баланы мадақтап, мақтауға болады» (кеңестер)

I.Тыңдалды: Бөбекжай әдіскері Г.К.Мухамбеткалиева күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алды. Құрметті ата-аналар! Бүгінгі басқосуымыздың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының маңыздылығы мен ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Бала – әр отбасының бақыты, болашағы және елдің ертеңі. Оның жан-жақты дамуы ең алдымен отбасынан басталады. Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы. Ол ата-анасының әрбір іс-әрекетін, сөйлеген сөзін, адамдармен қарым-қатынасын бақылап өседі.

Баланың дұрыс дамуы үшін ата-аналар мына мәселелерге назар аударғаны жөн:

- Баламен күн сайын жылы қарым-қатынас жасап, оның ойын тыңдау;
- Бірге кітап оқу, ертегі айту және мазмұнын талқылау;
- Ұялы телефон мен теледидарды шамадан тыс пайдалануды шектеу;
- Баланың жас ерекшелігіне сай ойындар ұйымдастыру;
- Тәуелсіз әрекет етуіне мүмкіндік беру және жетістігін мадақтау;
- Күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану мен жеткілікті ұйқыға көңіл бөлу;
- Балабақша тәрбиесіне қызығушылық танытып, тәрбиешілермен тұрақты байланыста болуы деп өз сөзін қорытындылады.

Жарыссөз: ата- ана Куспанова З. Құрметті балабақша әкімшілігі, қадірлі әдіскерлер, тәрбиешілер және ата-аналар! Бүгінгі «Баланың дамуындағы ата-аналардың рөлі» тақырыбындағы баяндама өте маңызды әрі мазмұнды болды. Баланың тәрбиесі мен дамуы ең алдымен отбасынан басталатынын бәріміз жақсы түсінеміз

II.Тыңдалды: педагог- психолог К.Н.Имангалиева «Өз балаңызды білесізбе?»

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бала тәрбиесінде әрқайсымыздың атқаратын рөліміз ерекше. Кейде біз баланың материалдық қажеттілігін толық қамтамасыз етсек, өз міндетімізді орындадым деп ойлаймыз. Алайда бала үшін ең маңыздысы – ата-анасының мейірімі, қолдауы, түсінуі және бірге өткізген уақыты. Сіздерді шағын сұхбатқа қатысуға шақырамын.**Сұрақтар:**

- Балаңыз сізге өзінің қуанышы мен ренішін еркін айта ала ма?
- Күніне балаңызбен жеке сөйлесуге қанша уақыт бөлесіз?
- Балаңызды соңғы рет қашан құшақтап, жақсы көретініңізді айттыңыз?
- Балаңыздың қазіргі қызығушылығы қандай екенін білесіз бе?
- Егер балаңыз қателік жіберсе, алдымен тыңдайсыз ба, әлде бірден ескерту жасайсыз ба?

Баланың психологиялық саулығы – оның өзін қауіпсіз, сүйікті және маңызды сезінуінен басталады. Баланы тыңдау, оның сезімін қабылдау, жетістігін мақтау және қиын сәтте қолдау көрсету – тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Жарыссөз: ата- ана Жексенбаева А. сөз алды.

Бүгінгі сұхбаттағы сұрақтар әрқайсымызды ойландырды деп ойлаймын. Кейде баламыздың барлық қажеттілігін қамтамасыз етіп жүргендей көрінеміз. Бірақ бүгінгі сұрақтарға жауап бере отырып, баланың ең басты қажеттілігі – ата-анасының махаббаты, жылы сөзі мен бірге өткізген уақыты екенін тағы бір түсіндік.

III.Тыңдалды: тәрбиеші Нугманова Г.С.

Бала үшін ойын – тек көңіл көтеру емес, оның ойлау қабілетін, тілін, қиялын, есте сақтауын, қарым-қатынас мәдениетін дамытатын ең маңызды әрекет. Отбасында бірге ойнау – ата-ана мен бала арасындағы сенімді нығайтып, жылы қарым-қатынас қалыптастырады.

Ендеше, сіздерді «Біздің жанұядағы ойын» атты шағын ойынға шақырамын. Ойынның мақсаты отбасында бірге өткізілетін уақыттың маңызын түсіндіру және ата-аналарды балаларымен бірге ойнауға ынталандыру.

Мен ойынның басталуын айтамын, сіздер жалғастырасыздар немесе өз ойларыңызбен бөлісесіздер.

1. «Біз кешке үйде...»

- Балаңызбен қандай ойын ойнайсыз?

2. «Менің баламның сүйікті ойыны...»

- Бір-екі ауыз сөзбен айтып беріңіз.

3. «Егер демалыс күні бос уақыт болса...»

- Отбасыңызбен бірге немен айналысасыздар?

4. «Балам мені ойынға шақырса...»

- Сіз қалай әрекет етесіз?

Балалар үшін ең қымбат ойыншық – ата-анасының бірге ойнауға бөлген уақыты деп өз сөзін аяқтады.

Жарыссөз: ата- ана Сунгатова Г.

Құрметті тәрбиешілер мен ата-аналар! Бүгінгі ойын бізге үлкен ой салды. Кейде күнделікті тіршілікпен жүріп, баламен бірге ойнауға уақыт таппай қаламыз. Ал бала үшін ең үлкен қуаныш – ата-анасымен бірге өткізген әрбір сәт екенін түсіндік.

IV.Тыңдалды: тәрбиеші Губайдоллина Г.Н. «Бала тәрбиесі – ортақ жауапкершілік» тақырыбында педагогикалық практикум көрсетіп өтті. Партикумның мақсаты Ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыру, баламен тиімді қарым-қатынас жасау жолдарын тәжірибе арқылы көрсету, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту. Шаттық шеңберінде ата-аналар бір-біріне жылы тілек айтып, өз баласының бір жақсы қасиетін айтып өтті. «Жағдаяттан шығу» тапсырмасы (10 минут) Ата-аналар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа жағдаят ұсынылады. Мысалы:1. Бала балабақшаға барғысы келмейді. 2. Бала ойыншығын басқа балалармен бөліспейді. 3. Бала ата-анасының сөзін тыңдамайды. Тапсырма: мәселенің шешу жолдарын ұсыну және талқылау. «Менің балам қандай?» жаттығуы (10 минут) Ата-аналар қағазға баласының жақсы қасиеттерін жазады. Кейін баланың сол қасиеттерін қалай дамытуға болатынын бірге талқылайды. Қорытынды рефлексия (5 минут) «Бүгінгі кездесуден өзіме не алдым?» деген сұраққа ата-аналар бір сөйлеммен жауап береді немесе стикерге өз пікірін жазып өтті.

Жарыссөз: ата- ана Кенжегалиева А.Е. сөз алды.

Бүгінгі педагогикалық практикум біз үшін өте пайдалы болды. Практикалық тапсырмалар арқылы бала тәрбиесінде күнделікті кездесетін жағдайларға қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндік. Кейде балаға айтқан сөзіміздің немесе жасаған ісіміздің оның мінез-құлқы мен дамуына қаншалықты әсер ететінін байқамай қаламыз.

IV.Тыңдалды: Педагог- психолог К.Имангалиева ата-аналарға «Қандай жағдайда баланы жазалауға болмайды, қашан баланы мадақтап, мақтауға болады» тақырыбында кеңестер беріп өтті. Баланы тәрбиелеуде жазалау мен мақтаудың мақсаты — қорқыту немесе еркелету емес, дұрыс мінез-құлықты қалыптастыру. Баланы жазалауға болмайтын жағдайлар: Бала қателікті байқаусызда немесе жас ерекшелігіне байланысты жіберсе. Бала қатты шаршаған, ауырған немесе эмоциялық күйзелісте болса. Ата-ана ашу үстінде болып, өзін ұстай алмай тұрса. Мұндай кезде алдымен сабырланған дұрыс.

Баланы қашан мақтауға болады: Жақсы іс жасағанда (көмектессе, мейірімділік танытса). Еңбек етіп, тырысқан кезде, нәтиже мінсіз болмаса да. Өз қатесін түзетуге әрекет жасағанда. Жауапкершілік танытып, тапсырмасын уақытында орындағанда. Адалдық көрсетіп, шындықты айтқанда. Жаңа дағдыны үйренуге күш салғанда.

Мақтаудың тиімді жолдары: Жалпы "Жарайсың!" дегеннен гөрі нақты әрекетін атап өтіңіз. Мысалы: "Ойыншықтарыңды өзің жинағаның маған ұнады." Баланың қабілетін ғана емес, еңбегі мен талпынысын мақтаңыз. Мысалы: "Бұл тапсырманы орындау үшін көп еңбектенгенің көрініп тұр." Мақтау шынайы әрі орынды болғаны дұрыс. Ең тиімді тәрбие тәсілі — жазалаудан гөрі түсіндіру, тұрақты ереже орнату және жақсы мінез-құлықты уақытында

байқап, мадақтау. Бұл балаға өз әрекетінің салдарын түсінуге және дұрыс шешім қабылдауды үйренуге көмектеседі деп толық тоқталып өтті.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы қабылданды:

1. Баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
2. Баланың эмоционалдық жағдайына назар аударып, оның пікірін тыңдау және қолдау көрсету ұсынылсын.
3. Баланың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын түрлерін көбейту ұсынылсын.
4. Ата-аналарға бала тәрбиесінде тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді күнделікті өмірде қолдану ұсынылсын;
5. Баланың қателігін түсіндіру арқылы түзетуге бағытталған тәрбиелік тәсілдерді қолдану және оның жеке тұлғасына емес, нақты әрекетіне баға беру ұсынылсын.

"Ақниет+" жеке бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі: Т.С.Абдрахманова



Хатшы:

К.Н.Имангалиева